



* Қаззақстан Ұлттар Ассамблеясы

Ілясова Аңсаған
ҚҚ13-1



Қазақстан халықтары Ассамблеясын құру идеясын 1992 жылы Республика Тәуелсіздігінің бір жылдығына арналған I Қазақстан халықтары форумында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев ұсынған болатын.



1995 жылдың 1 наурызында ҚР Президентінің Жарлығымен ұлт саясатын жүргізу шеңберінің кеңейтілген құқықтық мәртебесінің жаңа институты – Қазақстан Халықтарының Ассамблеясы (ҚХА) пайда болды.



1999 жылдың 10 тамызында Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев осы Ассамблея өкілдеріне Алматыдағы Достық үйінің кілтін салтанатты түрде табыс етті.



Ассамблея туралы Заң

2008 жылғы 20 қазанда Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңына қол қойылды. Осы заң этносаралық қатынастар саласындағы негізгі принциптерді айқындай отырып, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен оның құрылымдарының мәртебесін заң деңгейінде бекітті. Этносаралық қатынастар субъектілерінің жұмысының елімізде жүргізіліп келе жатқан саяси бағытпен үндес жаңа жүйесін қалыптастырды.

Заң Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыруға, қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге, мемлекеттік және қоғамның азаматтық институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға бағытталған Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысын ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

* 1-тарау . ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

* 1-бап. Қазақстан халқы Ассамблеясының құқықтық мәртебесі

* 2-бап. Қазақстан Республикасының Ассамблея туралы заңнамасы

* 3-бап. Ассамблеяның мақсаты

* 4-бап. Ассамблеяның негізгі міндеттері

* 5-бап. Ассамблея қызметінің принциптері

* 6-бап. Ассамблея қызметінің негізгі бағыттары

* 7-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің Ассамблеяға қатысты құзыреті

* 2-тарау. АССАМБЛЕЯНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

* 8-бап. Ассамблеяның құрылымы

* 9-бап. Ассамблея Сессиясы

* 10-бап. Ассамблея Кеңесі

* 11-бап. Ассамблея Аппараты (Хатшылығы)

* 12-бап. Ассамблея Төрағасы

* 13-бап. Ассамблея Төрағасының орынбасарлары

* 14-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ассамблеялары

* 15-бап. Ассамблеяға мүшелік

* 16-бап. Ассамблея мүшелерінің өкілеттігі

* 17-бап. Ассамблея мүшесінің өкілеттігін тоқтату

* 18-бап. Парламент Мәжілісінің Ассамблея сайлаған депутаты өкілеттігінің тоқтатылуы

* 3-тарау. ҚЫЗМЕТТІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

* 19-бап. Ассамблеяның және облыстар
(республикалық маңызы бар қала, астана)
ассамблеяларының қызметін қаржыландыру
көздері

* 4-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

* 20-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Ассамблеяның негізгі міндеттері этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, қоғамда этносаралық келісімді және толеранттықты одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдайлар жасау;



1. халық бірлігін нығайту, қазақстандық қоғамның негіз қалаушы құндылықтары бойынша қоғамдық келісімді қолдау және дамыту;
2. қоғамдағы экстремизмнің және радикализмнің көріністері мен адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына қысым жасауға бағытталған әрекеттерге қарсы тұруда мемлекеттік органдарға жәрдемдесу;
3. азаматтардың демократиялық нормаларға сүйенетін саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыру;
4. Ассамблеяның мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу үшін этномәдени және өзге де қоғамдық бірлестіктердің күш-жігерін біріктіруді қамтамасыз ету;
5. Қазақстан халқының ұлттық мәдениетін, тілдері мен дәстүрлерін өркендету, сақтау және дамыту болып табылады.

***Ассамблеяның парламенттік өкілдігі**

Ассамблеяның басты ерекшеліктерінің бірі этностық топ өкілдері мүдделерін жоғары заң шығару органында – ел Парламентінде білдіру болып табылады. Конституцияға 2007 жылы енгізілген өзгерістерге сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің 9 депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайды. Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлаған Парламент Мәжілісінің 9 депутаты, елдегі барлық этностардың мүддесін білдіреді. Ассамблеядан сайланған депутаттар заң шығарушылық процесіне белсенді қатысып, заң шығарушылық бастамашылық құқығын жиі пайдаланады. Этносаралық қатынастарға қатысты қабылданатын барлық заң жобалары депутаттардың тиісті сараптауынан өтеді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне – Елбасына
Қазақстан халқы Ассамблеясын өмір бойы басқару құқығы тиесілі.
Ассамблеяның құрылымын Ассамблея Сессиясы, Ассамблея Кеңесі,
Ассамблея Хатшылығы, облыстардың (республикалық маңызы бар
қаланың, астананың) ассамблеялары құрайды.







